

Л.К. Шотбакова, Е.Н. Шотбай*

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: shotbakovazz@mail.ru; ergali31-97@mail.ru)*

Қазақстанның мәдениет саласындағы дипломатиясының Шығыс Азиялық бағыты: мәселенің келісімшарттық-құқықтық негізі

Мақалада Қазақстан Республикасының Шығыс Азия елдерімен мәдениет саласындағы ынтымақтастығының келісімшарттық-құқықтық негізіне талдау жасалған. Авторлар Қазақстанның Қытай және Жапониямен екіжақты мәдени қатынастарының дамуына ықпал еткен келісімшарттардың маңыздылығын ашып, осы арқылы аталған мемлекеттердің арасындағы мәдени ынтымақтастықтың даму деңгейлерінің өзгергендігін ашып көрсеткен. Мақалада мәдени байланыстарды зерттеудегі келісімшарттардың маңыздылығы айқындалған.

Кілт сөздер: сыртқы саясат, Шығыс Азия, Қазақстан дипломатиясы, мәдениет, ынтымақтастық, интеграция.

Kipicne

Халықаралық мәдени ынтымақтастық мәселесі әрқашан өзінің өзектілігін жоғалтқан емес. Тек қана рухани құндылықтардың жүйесі ретінде емес, сонымен қатар саяси үрдістердің индекаторы ретінде көрініс табатын мәдениеттің ерекшелігі әрбір жаңа тарихи кезеңде күшейіп жатады. Екінші бір жағынан алғанда, мәдениет географиялық шекараларды, ұлттарды, діни ұстанымдарды мойындамайды және қазіргі уақытта мәдениет ішкі қоғамдық қатынастарда, халықтар мен мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарда негізгі фактор болып саналады.

Сонымен бірге, қазіргі кезеңдегі мәдениет пен бұқаралық ақпарат коммуникациясының жаһандануы ұлттық мемлекеттерді әлемдік аренадағы шетел мемлекеттерімен қатынастар орнату барысындағы мәдени тәсілдері қолдануға ынталандырып отыр. Яғни, мәдени дипломатия қазіргі заманғы сыртқы саясаттың міндетті құрамдас бөлігіне айналды. Қазіргі әлемнің жаһандануының күшеюі және осындай жағдайдағы ұлттық өзіндік ерекшеліктің және әрбір мемлекеттің мәдени әртүрлілігінің табиғи түрде өсуі дәл осы мәдениеттің халықтардың бірігуінің белсенді және көп функционалды инструменті екендігін көрсетіп берді.

Осы тұрғыдан алғанда, тәуелсіз Қазақстанның Шығыс Азия елдерімен мәдени-гуманитарлық саладағы қатынастарын зерттеуге мүмкіндік беретін екіжақты құқықтық-нормативті құжаттардың мазмұнына талдау жасап, мәдениет саласындағы екіжақты байланыстардың даму деңгейін анықтау өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Сонымен бірге, Қазақстанның Шығыс Азия елдерімен халықаралық мәдени байланыстарын зерттеу қазіргі уақыттағы ҚР-ның әлемдік аренадағы саяси және экономикалық қатынастардағы атқаратын рөлімен байланысты. Себебі, Қазақстан Республикасының халықаралық беделінің өсуі, оның халықаралық қауымдастықтағы ұстанымының нығаюы маңызды фактор болып саналады.

Қазақстан Республикасы 1990 жылдардың басынан бастап Азия мемлекеттерімен мәдени-тарихи мұраны жаңғыртуға бағытталған бірлескен қадамдарды жүзеге асыра бастады. Республикамызда мемлекеттер мен континенттердің жақындасуындағы мәдениет рөлінің қаншалықты жоғары екендігін мойындайды.

Тәуелсіздік алғаннан бастап осы уақыт аралығында Қазақстан Республикасының мәдениет саласында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асырылған «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы әлемдік аренадағы Қазақстан Республикасының оң имиджінің қалыптасуына үлкен ықпал етті. Бұл бағдарламаны іске асыру Қазақстанға түркі өркениетінің орталығы ретінде жайғасуға мүмкіндік берді.

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: ergali31-97@mail.ru (Е.Н. Шотбай)

Барлық өркениетті әлемде мәдениет билік назарының объектісі болып саналады, сондықтан мемлекеттің сыртқы саяси стратегиясын өңдеу барысында мәдениетке аса мән беріледі. Бүгінгі таңда еуразиялық мемлекеттердегі мәдениет саласы тұрақты даму саясатының маңызды компонентінің бірі ретінде есептеліп, экономикалық және әлеуметтік дамуға ықпал етеді. Мәдениет саласындағы ынтымақтастық қазіргі заманғы мемлекеттер қарым-қатынастарының маңызды және сапалы көрсеткіштері болып табылады.

Зерттеу әдістері

Тақырыпты зерттеу барысында объективтілік принципін басшылыққа ала отырып, құжаттармен жұмыс жасаудың әдісі ретінде деректанулық талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс екіжақты қол қойылған құжаттардың ақпараттық қуатын анықтауға мүмкіндік берді және бұл құжаттардың пайда болуының тарихи жағдайын зерттеуге, құжаттың пайда болуының немесе жасалуының нақты жағдайын анықтауға ықпал етті. Құжаттарға талдау жасау барысында мәтінді талдау әдісі арқылы құжаттардағы мәтіннің нұсқалары айқындалды. Осы әдіс құжаттармен жұмыс жасау барысында құжат мәтінін салыстыра зерттеуге мүмкіндік жасады. Осымен бірге, құжаттармен жұмыс жасау барысында, ретроспективтік әдістің маңызы зор болды. Аталған әдіс 2000 жылдардағы дипломатиялық құжаттарда орын алған жаңа өзгерістерді анықтау барысында және 1990 жылдардағы дипломатиялық құжаттармен салыстыра зерттеуге мүмкіндік тудырды. Формулярлық талдау әдіспен құжаттардың құрылымын, олардың орналасуы мен арақатынасын зерттеуге болады. Функционалдық әдіс құжаттың мақсатын, яғни не үшін және қандай мақсатта құрылғандығын анықтайды.

Негізгі бөлім

Бірінші кезекте, біздің мемлекетіміздің сыртқы саясатында негізгі орындардың біріне ие әрі көршілес мемлекет — Қытай Халық Республикасымен мәдени байланыстарды дамытуға арналған құжаттардың маңызы бар. Осындай құжаттардың алғашқысы, 1992 ж. ҚР Үкіметі мен ҚХР Үкіметі арасында қол қойылған «Мәдениет саласы бойынша ынтымақтастық жөніндегі» Келісімшарт болып табылады. Бұл Келісімшарт 10 баптан тұрады және екіжақты мәдени байланыстардың негізін қалайды. Келісімшартқа сәйкес, ҚР мен ҚХР теңдік пен өзара тиімділік қағидаларына сай мәдениет, білім беру, қоғамдық ғылымдар, денсаулық сақтау, спорт, баспа істері, баспасөз, радиохабар, телевизия мен кинематография салаларында алмасу мен ынтымақтастықты ынталандыру және қолдауға келіскендігін көре аламыз. Өзіміз көріп отырғандай, аталған Келісімшарт екіжақты мәдени байланыстардың барлық салаларын қамтыған.

1994 ж. 30 желтоқсанда ҚХР Үкіметі және ҚР Үкіметі арасында «Ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі» Келісімшарт қабылданды. Бұл Келісімшарттың негізінде екі мемлекеттің ғылым мен техниканың жетекші салалары — шикізатты өңдеу мен өндіру, химия, математика, физика, информатика және компьютерлік технология, биотехнология, транспорт пен коммуникация салалары бойынша ынтымақтастықтың бағыттары анықталған. Осы Келісімшарттың негізінде 2000 жылдың мамырында Алматыда ғылыми-техникалық ынтымақтастық бойынша Қазақстан-Қытай жұмысшы комиссиясының алғашқы Құрылтай сессиясы өтті. Комиссия екі жақты ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың 9 қытайлық және 10 қазақстандық жобаны бекітті. Сонымен бірге, аталған құжаттың негізінде сейсмология, қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау салалары бойынша мамандандырылған бірлескен бағдарламалардың пайда болуына алып келді [1].

Өзімізге белгілі, XXI ғ. басына қарай Қазақстан Республикасының қол жеткізген экономикалық дамулары мәдени үрдістердің дамуына оң әсерін тигізді. Мемлекет пен мәдениеттің жемісті диалогының мысалы ретінде XXI ғ. басында ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен және оның 2004 жылғы 19 ақпандағы — «Бәсекеге қабілетті Қазақстан, бәсекеге қабілетті экономика, бәсекеге қабілетті ұлт» деп аталатын Жолдауына сәйкес қабылданған «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын атап өту қажет. «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаттарының бірі — бірыңғай ақпараттық кеңістікке интеграциялану және шетелдерде Қазақстан Республикасының мәдени мұрасын насихаттау болғандықтан бұл бағдарламаның жаңа ғасыр басындағы дипломатиялық құжаттар санының өсуіне ықпал еткені сөзсіз. Сондықтан, «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында Қазақстанның шетелдермен мәдени-гуманитарлық сала бойынша ынтымақтастығына қатысты дипломатиялық құжаттардың тәуелсіз Қазақстанның тарихын зерттеудегі тарихи жазба дереккөзі ретіндегі рөлін анықтау үлкен қызығушылық танытады.

Кез келген бір мемлекеттің сапалы дамуының жетістіктері сол мемлекеттің өсуінің тек қана ішкі емес, сонымен қатар сыртқы қайнар көзін іске қосу қабілетімен анықталады және мемлекеттің жоғары бәсекеге қабілеттілігі кез келген мемлекеттің маңызды мақсаты болып саналады. Осындай жағдайда бәсекеге қабілеттілікті жоғарлатудың маңызды инструменті — аймақтық интеграция үрдістері болып саналды. Сонымен қатар, қазіргі кезеңдегі жаһандану жағдайындағы аймақтық интеграция үстем етуші тенденцияға айналып отырғандығын көруімізге болады.

XXI ғ. басында Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы мәдени қатынастардың жаңа деңгейге шыққанын анықтауға мүмкіндік беретін құжаттардың маңызы жоғары. Жаңа ғасырдың басындағы осындай құжаттардың қатарынан 2002 ж. 23 желтоқсанда Пекинде қол қойылған «Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы көршілік, достық және ынтымақтастық жөніндегі» Келісімшартты [2] атап көрсетуге негіз бар. Бұл құжаттың 11-ші тармағы мәдениет саласындағы ынтымақтастық мәселелеріне арналған.

Келісімшарттың мазмұнын талдай келе, онда мәдениет, білім, туризм, денсаулық сақтау салалары бойынша жан-жақты байланыстарды кеңейтуге үлкен мән берілгендігін анықтауға болады. Осы Келісімшарттың негізінде 2002 ж. Астана және Алматы қалаларында Қытай мәдениетінің күндері өткізілген болатын.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасында мәдениеттің бір саласы — білім саласы бойынша екіжақты қарым қатынастар даму үстінде. Жоғарыда аталған «Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы көршілік, достық және ынтымақтастық жөніндегі» Келісімшарттың негізінде білім саласы бойынша ынтымақтастықтың негізгі құжаты 2003 ж. 3 маусымда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен ҚХР Білім министрлігі арасында қол қойылған «Білім саласындағы ынтымақтастық жөніндегі» Келісімшарт [3, 516] болып саналады. Ал, 2009 ж. бұл Келісімшартқа толықтырулар мен түзетулер енгізіліп, екі мемлекет тарабынан бекітілген. Аталған Келісімшартқа сәйкес екі мемлекет бірлескен ғылыми зерттеулердің белсенділігін және деңгейін жоғарлату, сонымен бірге білім саласындағы мемлекеттер арасындағы алмасуларды кеңейту мақсатында мыналарды іске асыруға міндеттенген:

– білім саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар және білім жүйесі туралы ақпарат, сонымен қатар оқу және оқу-құралдарымен алмасу;

– жоғары, жоғары оқудан кейінгі және қосымша білім бағдарламалары бойынша білім алып жатқан студенттермен алмасу;

– екі мемлекеттің мемлекеттік тілдерін үйрену мен таратуға ықпал ету.

Жоғарыда аталған Келісімшарт (2003) пен оған енгізілген түзетулерді (2009) салыстыратын болсақ, Келісімшарттың бірінші нұсқасында жыл сайын алмасу арқылы білім алатын студенттердің саны 20 адамнан артық болмау керек деп шек қойылған болса, Келісімшарттың екінші нұсқасында 100 адамнан артық болмау қажет деп көрсетілген. Мұның өзі біздің пікірімізше, білім саласындағы екі мемлекеттің алмасуға деген қажеттілігінің артқанын және екі мемлекеттің мұны іске асыруға дайын екендігін көрсетеді.

2007 ж. 18 тамызда Астанада ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао мен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев қол қойған Бірлескен мәлімдемеде [4] екі мемлекеттің Елбасылары Қазақстан мен ҚХР арасындағы гуманитарлық байланыстарды кеңейтуге және мәдени алмасуларды тереңдетуге, бірлескен археологиялық зерттеу жұмыстарын және тарихи-мұрағаттық зерттеу жұмыстарын жүргізу жөнінде айтылған. Бұл құжаттың ерекшелігі, мұнда алғаш рет трансұлттық «Ұлы Жібек жолын» әлемдік мұра тізіміне енгізу және радио мен теледидар саласы бойынша ынтымақтастықты дамыту мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, Бірлескен мәлімдеменің мазмұнынан мемлекеттік мәдени орталықтарды ашу жөнінде келіскенін анықтауға болады.

2012 жылғы желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыру мақсатында 2014 ж. 4 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2030 жылға дейінгі мәдениет саласын дамытудың басым бағыттарын анықтаған мәдениет саясатының Концепциясы бекітілген болатын. Бұл мәдениет саласындағы жаңа саясаттың артықшылықтары — қазақ халқының бай мәдени мұрасы мен шығармашылық қуатын ескере отырып, әлемнің дамыған 30 мемлекеттер қатарына кіру мақсатында Н.Ә. Назарбаевтың ұсынған рухани модернизация және «Рухани жаңғыру» ұлттық сананы жаңарту идеясы болды.

Қазіргі кезеңде мәдениетті және мәдени қуатты дамыту көптеген халықтар мен мемлекеттердің дамуының негізгі басымдықтары болып саналуда. Сондықтан Қазақстанның мәдениет саласындағы саясаты қоғамның тұрақты дамуына және қоғам мен мемлекеттің маңызды аспектілерінің дамуының

сапалы өлшемін көрсетуге бағытталған. Сондықтан, 2030 жылдарға дейінгі мәдениет саласындағы саясаттың негізгі мақсаттарының бірі — ұлттық сананың рухани жаңаруы және бірыңғай мәдени кеңістікті қалыптастыру, мемлекетіміздің халықаралық оң имиджін жоғарлату болып саналады. Осындай мақсаттарға жету үшін қазіргі заманғы қазақстандық мәдениетті жаһандық әлемге көрсету және бәсекеге қабілетті мәдени ортаны құру мен заманауи мәдени кластерлерді дамыту үшін қолайлы жағдайды қалыптастыру міндеті қойылды.

Сондықтан қазақстандық мәдениет жаһандық мәдени диалогтың белсенді қатысушысы болуы тиіс және Қазақстанның әлемнің дамыған 30 мемлекеттері қатарына кіруіне ықпал етуі қажет. Әрине, Қазақстан Республикасының алдына қойған мұндай мақсат пен міндеттері, аталған мәселе бойынша жұмыстарды жүзеге асыру үрдістері өз кезегінде бірқатар маңызды құжаттардың пайда болуына алып келеді және бұл үрдістер дипломатиялық құжаттарсыз жүзеге асырылуы мүмкін емес. Сондықтан, қарастырылып отырған кезеңде пайда болған мәдениет саласындағы ынтымақтастыққа қатысы бар құжаттардың маңыздылығы мен ролін зерттеу қызығушылық танытады.

2013 ж. 7 қыркүйекте Астанада ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев пен ҚХР Төрағасы Хун Цзиньтао қол қойған «Жан-жақты стратегиялық серіктестікті тереңдету жөніндегі» Бірлескен декларация [5] қабылданды.

Декларацияның 2-ші бөлімі екі мемлекеттің арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың мәселелеріне арналған және оның мазмұнынан ҚР мен ҚХР-ның ұзақ мерзімді ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың механизмін құрудың қарастырылғандығын анықтауға болады. Сонымен қатар, аталған құжаттың негізінде екіжақты аймақтық ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың деңгейін көтеру, 2014–2015 жж. арналған аталған сала бойынша жоспарды бекіту қарастырылған.

Декларацияның 4-ші бөлімінде «...екі мемлекет халықтары арасындағы достықтың нығаюына гуманитарлық ынтымақтастық үлкен маңызға ие. Екі мемлекет қысқа мерзімнің ішінде мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі Келісімшартқа қол қояды және оны жүзеге асырады» деп атап көрсетілген.

Құжатта мәдениет, білім, телевизия, туризм, денсаулық сақтау және спорт салалары бойынша өзара қатынастарды нығайту және 2013 ж. Қазақстанның Қытайдағы «Қазақстанның мәдениет күнін» жүргізуге қолдау танытатынын атап көрсеткен. Сонымен бірге, бірлескен мәлімдемеде екі мемлекеттің Елбасыларының Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдениет саласындағы ынтымақтастықтың жан-жақты дамуының жаңа кезеңіне көшкендігі жөнінде пікірлері сақталған.

Жоғарыда аталған Декларацияның негізінде, 2015 ж. 31 тамызда Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасында «Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі» Келісімшарттың [6] деректік маңызы бар. Егер, осы дипломатиялық құжаттың түрін 1992 ж. 10 тамыздағы ҚР мен ҚХР арасындағы «Мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастық жөніндегі» Келісімшартпен салыстырсақ, соңғы Келісімшарттың мазмұнының біршама кеңейгендігін анықтадық, яғни мәдениет саласындағы ынтымақтастықтың жаңа бағыттары — археологиялық зерттеулер, мұрағат істері және ескерткіштерді қорғау салалары бойынша ынтымақтастық қосылған, сонымен қатар екі мемлекеттің бірлесе отырып, әлемдік мәдени мұра объектісі ретінде Ұлы Жібек жолын мойындауды ұсыну мәселелері қарастырылған.

Аталған Келісімшарттың негізінде ҚР мен ҚХР мына салалар бойынша келіскендігін анықтауға болады:

- 1) мәдениет және өнер, материалдық емес мәдени мұраны қорғау, шығармашылық ұжымдарының өзара сапарларына ықпал ету;
- 2) мәдениет пен өнер көрмелерімен алмасу;
- 3) өнер, жазушы қайраткерлер топтарымен алмасу;
- 4) материалдық емес мәдени мұраны қорғау саласы бойынша ақпарат алмасу және ынтымақтастық;
- 5) мұрағат ісі бойынша тәжірибе алмасу;
- 6) археологиялық зерттеулер, мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау, Ұлы Жібек жолын әлемдік мәдени мұра объектісі ретінде мойындатуды бірлесіп атқару;
- 7) өнер саласы бойынша ақпарат алмасу.

Сонымен, жоғарыда аталған Келісімшарттың мазмұнын талдаудың негізінде Қытай мен Қазақстан арасындағы мәдениет саласындағы ынтымақтастық бағыттарының кеңейгендігін анықтадық. Осы құжаттың негізінде 2015–2017 жж. аралығында Қытайдағы Қазақстан

Республикасының Елшілігінің ықпалымен Пекин, Шанхай, Далянь және Сиань қалаларындағы университеттерде «Қазақстан орталықтары» және қазақ тілінің кафедралары ашылды.

2017 ж. 6 тамызда ҚР мен ҚХР арасында қол қойылған Бірлескен мәлімдеменің [7] маңызы бар. Осы құжаттың 4-ші бөлімінің 2-ші тарауы қытайлық және қазақстандық бұқаралық ақпараттар құралдары арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге және мәдени-гуманитарлық алмасуларды дамытуға, екі мемлекеттің әдеби шығармалары мен фильмдерін өзара аудару салаларындағы қызметті тереңдетуге арналған. Сонымен бірге, аталған құжаттың шеңберінде білім, ғылым, денсаулық сақтау, спорт пен туризм салаларындағы екіжақты ынтымақтастықты жалғастыру мәселелері қарастырылғандығын анықтадық. Осы құжаттың негізінде 2017 ж. Қазақстандағы Қытайдың Туризм жылы өткізілді.

Сондықтан, ҚР мен ҚХР арасындағы мәдени-гуманитарлық сала бойынша қарым-қатынастарының негізгі бағыттарын, салаларын анықтап берген аталған құжаттардың маңыздылығы зор екені күмән тудырмайды. 2011–2017 жж. арасындағы екі мемлекеттің мәдениет саласындағы қатынастарын зерттеу үшін 2013 ж. «Жан-жақты стратегиялық серіктестікті тереңдету жөніндегі» Бірлескен декларацияның, 2015 ж. 31 тамыздағы «Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі» Келісімшарттың, 2017 ж. 6 тамыздағы Бірлескен мәлімдеменің үлкен маңызы бар.

Сонымен қатар, Шығыс Азияның екінші бір қуатты мемлекеті — Жапониямен мәдени байланыстарды дамытуға арналған құжаттардың орыны ерекше. Мысалы, 2015 ж. қазанда Жапония мен Қазақстан Республикасы арасында «Стратегиялық әріптестікті тереңдету және кеңейту туралы Бірлескен мәлімдемеге [8] ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев пен Жапонияның Премьер-министрі Синдзо Абэ қол қойды. Мұның шеңберінде Қазақстан Президентінің 2008 жылғы маусымдағы Жапонияға сапары кезінде жарияланған, Жапония Премьер-министрі Я.Фукуда мен Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев арасындағы Бірлескен мәлімдеменің маңыздылығын атап өтіп, екіжақты стратегиялық әріптестікті одан әрі тереңдетуге және кеңейтуге мүдделілік білдірген болатын. Аталған Бірлескен мәлімдеменің 20-шы тармағы екі мемлекет арасындағы мәдениет саласындағы ынтымақтастықтың мәселелеріне арналған. Онда Жапония мен Қазақстан сарапшылық қоғамдастықтарының өзара іс-қимылының тұрақты тетіктерін қалыптастыру мақсатында екіжақты қарым-қатынаста ғылыми-білім беру ұйымдары арасындағы ынтымақтастықты дамытуға және ғылым мен техника саласында жастармен алмасуды кеңейтуге уағдаласып, осы бағытта қажетті қолдауды жалғастыруға, оның ішінде ғылым мен техника саласында жастармен алмасуды кеңейтуге және осы саладағы ынтымақтастықты дамыту жолдары қарастырылған.

Сонымен бірге, Қазақстан мен Жапония зерттеу ұйымдарының, оның ішінде Жапония Халықаралық қатынастар институты, Жапония Қорғаныс министрлігі жанындағы Ұлттық қорғаныстық зерттеулер институты мен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты арасында ғылыми жетістіктермен алмасу нысанындағы серіктестікті, зерттеушілер арасындағы байланыстарды қолдауды, сондай-ақ семинарлар өткізуді көтермелеуге және т.б. сенім білдірген. Осымен қатар, жоғары оқу орындары арасында өзара студенттер мен оқытушылар алмасу арқылы мәдениетті дамытуға назар аударылған. Осыны ескере отырып, «Цукуба университеті» мен «Назарбаев университеті» арасында студенттермен алмасу туралы жалпыға бірдей келісімге қол қою ниетін қуаттады.

Қазақстан мен Жапония 2014 ж. маусымда «Томиока жібек тоқу фабрикасы және жібек өнеркәсібі мұралары кешені» (Жапония) мен «Чанъань–Тянь-Шань Жібек жолы дәлізі» (Қазақстан объектілері енгізілген) сияқты екі елдің мәдени мұра объектілерінің ЮНЕСКО Дүниежүзілік мәдени мұрасы тізіміне бір мезгілде енуін қолдаған. Екі мемлекет Қазақстандағы ежелгі қала Отырар қазындыларын т.б. зерттеу жұмыстары барысында археология саласындағы өзара іс-қимылдарды жалғастыруға сенім білдірген.

2016 ж. 9 қарашада Жапония мен Қазақстан Республикасы арасында «Азияның гүлденуі ғасырындағы стратегиялық серіктестікті кеңейту жөніндегі» Бірлескен мәлімдеменің [9] 17-ші тарауы Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастыққа арналған. Бұл құжатта екіжақты мәдени саладағы байланыстардың болашақта дамуының бағыттары, жолдары анықталған. Мұнда Қазақстан мен Жапонияның мәдени-гуманитарлық алмасу саласы бойынша қатынастарды нығайтуға үлкен мән берілген, сонымен бірге 2016 ж. қыркүйек-қазан айларында өткен «Орталық Азия + Жапония» диалогы шеңберіндегі Токио диалогының «мәдени апталарының» табысты өткендігі атап көрсетілген.

Құжаттың 18-ші тарауында 2016 ж. маусымда Токиода Жапония қоры тарабынан ұйымдастырылған Орталық Азияның мәдени мұрасы бойынша симпозиумның қосқан үлесі атап көрсетілген және Жапония тарабы Қазақстанға мәдени алмасу бойынша комиссия жіберуге міндеттенген.

Құжаттың 19-шы тарауында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның бай мәдени мұрасын реставрациялауға берген көмегі үшін Жапония мемлекетінің басшысына алғыс білдірген. Сонымен қатар, мұнда Қазақстан мен Жапония елбасылары «Чаньянь-Тянь-Шань Жібек жолы дәлізін» 2014 ж. ЮНЕСКО-ның Әлемдік мәдени мұра тізіміне енгізуге қолдау білдірген.

Құжаттың 23-ші тарауы екі мемлекеттің зерттеу институттары мен сарапшылар қауымдастығы арасындағы алмасулар жөніндегі ынтымақтастықты қамтыған. Соның ішінде Жапония қоры (the Nippon Foundation) мен ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты арасындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелері қарастырылған.

Сонымен, талдау жасалған Қазақстан мен Жапония арасындағы Бірлескен мәлімдеменің мазмұнында екі мемлекеттің мәдениет саласындағы байланыстарының жаңа кезеңдегі бағыттарының анықталғандығын және мәдени мұра мәселесіне кең назар аударылғандығын көруімізге болады.

Қорытынды

Сонымен қатар, қазіргі жаһандану кезеңіндегі мемлекеттердің өзара тәуелділігінің өсуі және қазіргі әлемнің жаһандық мәселелеріне байланысты мемлекетаралық қатынастардың дамуы мен күрделенуі әрбір мемлекеттің мәдениет саласындағы дипломатиялық қызметінің рөлі мен маңызын арттырып отыр.

Жоғарыда талдау жасалған құжаттардың негізінде, 1990 жылдары Қазақстанның Шығыс Азия елдерімен мәдениет саласы бойынша халықаралық ынтымақтастығы енді өзінің қалыптасу кезеңінен өтсе, 2000 жылдарда бұл қатынастардың жаңа деңгейге шыққандығын көруімізге болады. 2011–2017 жж. жоғарыда қарастырылған екі онжылдықпен салыстырғанда бұл кезеңде мәдени-гуманитарлық байланыстар мазмұнының біршама кеңейгендігін айқындауға болады. Атап айтсақ, олардың қатарына халықтың денсаулығын қорғау, медицина мен фармакологияны дамыту, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды қалыптастыру, инфекциялық аурулардың алдын алу және медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты дамытуға басты назар бөлінгендігін айқындауға болады. Сондықтан, Қазақстанның Шығыс Азия мемлекеттерімен мәдениет саласындағы ынтымақтастықтың негізгі келісімшарттық-құқықтық негізі толық қалыптасқан деген тұжырым жасауға болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан и Китай: горизонты сотрудничества [Электронный ресурс] — Режим доступа: <http://www.investkz.com/journals/35/283.html>. 03.01.2019.
- 2 Договор о добрососедстве, дружбе и сотрудничестве между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой [Электронный ресурс] — Режим доступа: https://tengrinews.kz/zakon/parlament_respubliki_kazahstan.
- 3 Сыроежкин К.Л. Казахстан–Китай: от приграничной торговли к стратегическому партнерству: сб. док. / К.Л. Сыроежкин. — Алматы: Каз. ин-т стратег. исслед. при Президенте РК, 2010. — 524 с.
- 4 Совместное коммюнике Китайской Народной Республики и Республики Казахстан (полный текст) 2007/08/18 [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.mfa.gov.cn/rus/wjdt/gb/t353708.htm>.
- 5 Совместная декларация КНР и РК о дальнейшем углублении всестороннего стратегического партнерства (полный текст) 2013/09/16 [Электронный ресурс] — Режим доступа: <http://kz.china-embassy.org/rus/ztdb/XJPFWSKST/t107211.htm>.
- 6 Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Китайской Народной Республики о культурно-гуманитарном сотрудничестве от 31 августа 2015 года [Электронный ресурс] — Режим доступа: https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo_respubliki_kazahstan_premier.
- 7 Совместное заявление Китайской Народной Республики и Республики Казахстан. 2017. 06 авг. [Электронный ресурс] — Режим доступа: http://russian.news.cn/2017-06/08/c_136350568.htm.
- 8 Совместное заявление об углублении и расширении стратегического партнерства между Японией и Республикой Казахстан [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://www.kz.emb-japan.go.jp/relations/151029_kyoudou_ru.pdf.
- 9 Совместное заявление Японии и Республики Казахстан. О расширенном стратегическом партнерстве в век процветания Азии. [Электронный ресурс] — Режим доступа: <http://www.kz.emb-japan.go.jp/files/000202021.pdf>.

Л.К. Шотбакова, Е.Н. Шотбай

Восточноазиатское направление казахстанской дипломатии в области культуры: договорно-правовая основа вопроса

В статье проанализирована договорно-правовая основа сотрудничества Республики Казахстан со странами Восточной Азии в области культуры. Авторами отмечена важность соглашений, которые способствовали развитию двусторонних культурных отношений между Казахстаном и Китаем, а также Казахстаном и Японией, тем самым изменив уровень развития культурного сотрудничества между этими странами.

Ключевые слова: внешняя политика, Восточная Азия, дипломатия Казахстана, культура, сотрудничество, интеграция.

L.K. Shotbakova, E.N. Shotbay

East Asian direction of Kazakhstani diplomacy in the field of culture: the legal basis of the issue

The article analyzes the legal basis of cooperation of the Republic of Kazakhstan with the countries of East Asia in the field of culture. The authors emphasize the importance of agreements that contributed to the development of bilateral cultural relations between Kazakhstan and China and between Kazakhstan and Japan, thereby changing the level of development of cultural cooperation between these countries. The article emphasizes the importance of treaties in the study of cultural ties.

Keywords: foreign policy, East Asia, diplomacy of Kazakhstan, culture, cooperation, integration.

References

- 1 Kazakhstan i Kitai: gorizonty sotrudnichestva [Kazakhstan and China: horizons of cooperation]. Retrieved from <http://www.investkz.com/journals/35/283.html>. 03.01.2019 [in Russian].
- 2 Dogovor o dobrososedstve, druzhbe i sotrudnichestve mezhdru Respublikoi Kazakhstan i Kitaiskoi Narodnoi Respublikoi [Agreement on good-neighborliness, friendship and cooperation between the Republic of Kazakhstan and the People's Republic of China]. Retrieved from https://tengrinews.kz/zakon/parlament_respubliki_kazahstan [in Russian].
- 3 Syroezhkin, K.L. (2010). Kazakhstan–Kitai: ot prigranichnoi trgovli k strategicheskomu partnerstvu: sbornik dokumentov [Kazakhstan–China: from cross-border trade to strategic partnership: collection of articles. documents]. — Almaty: Kazhastanskii institut strategicheskikh issledovaniy pri Prezidente RK [in Russian].
- 4 Sovmestnoe kommyunike Kitaiskoi Narodnoi Respubliki i Respubliki Kazakhstan (polnyi tekst) 2007/08/18 [Joint Communiqué of the People's Republic of China and the Republic of Kazakhstan (full text) 2007/08/18]. Retrieved from <http://www.mfa.gov.cn/rus/wjdt/gb/t353708.html> [in Russian].
- 5 Sovmestnaia deklaratsiia KNR i RK o dalneishem uglublenii vsestoronnego strategicheskogo partnerstva (polnyi tekst) 2013/09/16 [Joint Declaration of the PRC and ROK on the Further Deepening of the Comprehensive Strategic Partnership (full text) 2013/09/16]. Retrieved from <http://kz.china-embassy.org/rus/ztbd/XJPFVHKSST/t1077211.htm> [in Russian].
- 6 Soglashenie mezhdru Pravitelstvom Respubliki Kazakhstan i Pravitelstvom Kitaiskoi Narodnoi Respubliki o kulturno-gumanitarnom sotrudnichestve ot 31 avgusta 2015 goda [Agreement between the Government of the Republic of Kazakhstan and the Government of the People's Republic of China on cultural and humanitarian cooperation dated August 31, 2015]. Retrieved from https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo_respubliki_kazahstan_premier [in Russian].
- 7 Sovmestnoe zaiavlenie Kitaiskoi Narodnoi Respubliki i Respubliki Kazakhstan 2017. 06 avgusta [Joint Statement of the People's Republic of China and the Republic of Kazakhstan 2017–06–08]. Retrieved from http://russian.news.cn/2017-06/08/c_136350568.htm [in Russian].
- 8 Sovmestnoe zaiavlenie ob uglublenii i rasshirenii strategicheskogo partnerstva mezhdru Yaponiei i Respublikoi Kazakhstan [Joint statement on deepening and expanding strategic partnership between Japan and the Republic of Kazakhstan]. Retrieved from http://www.kz.emb-japan.go.jp/relations/151029_kyoudou_ru.pdf [in Russian].
- 9 Sovmestnoe zaiavlenie Yaponii i Respubliki Kazakhstan. O rasshirennoy strategicheskoy partnerstve v vek protsvetaniia Azii [Joint statement by Japan and the Republic of Kazakhstan. Expanded Strategic Partnership in an Age of Asian Prosperity]. Retrieved from <http://www.kz.emb-japan.go.jp/files/000202021.pdf> [in Russian].